

5B010600 - МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. 5B010600-Музыкалық білім мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Оқу бағдарламасының мақсаты – музыкалық білім мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие және төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды дайындау:

- жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- музыкалық білім беру саласында жүйеленген білімді қалыптастыру;
- музыкалық білім беру оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ музыка мұғалімдерін сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- болашақ музыка мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін және жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын, психологиялық сауатын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

2. 5B010600 – Музыкалық білім мамандығы бойынша түлекке білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзіреттіліктерді қалыптастыруды мүмкін етеді:

- жалпымәдени;
- кәсіби;
- пәндік.

Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын *игерген*;

2.1.2 әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу кезінде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі қағидалары мен әдістерін қолдануға *қабілетті*;

2.1.3 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген*;

2.1.4 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады*;

2.1.5 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар*;

2.1.6 әлеуметтік өзара әрекеттестікті құруда білім беру үрдісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;

2.1.7 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;

2.1.8 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;

2.1.9 дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын қолдана алады; толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене тәрбиесіне дайындығын тиісті деңгейге жеткізуге *дайын*.

Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.2.1 оқу-тәрбие үрдісін оқу тәжірибесінде жүзеге асыруды модельдей алады;

2.2.2 әр түрлі жас кезеңдерінде адамның әрекетін және жүріс-тұрысын реттеудің негізгі ерекшеліктерін біледі, психикалық және психофизиологиялық дамуының жеке ерекшеліктері мен жалпы, арнайы заңдылықтарын ескеру құралдарын қолдана алуға қабілетті;

2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді меңгерген;

2.2.4 түрлі жастағы балалардың әрекетін, қарым-қатынасын, дамуын диагностикалау әдістерін қолдана алуға қабілетті;

2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушылар үшін бағдарламаларын; оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларының білімдерін қолдануға дайын;

2.2.6 балалардың түрлі әрекетін ұйымдастыру қабілетін меңгерген;

2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғаралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерген;

2.2.8 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды ұстанады;

2.2.9 әлеуметтік-мәдени жағдаяттың даму ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті енгізу тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін меңгерген;

2.2.10 кәсіби міндеттерді шешудегі мамандардың пән аралық және ведомство аралық өзара әрекеттесуіне қатысуға қабілетті;

2.2.11 мүгедектер құқықтары және балалар құқықтары жайлы негізгі халықаралық және отаныдық іс-қағаздарды кәсіби әрекетінде қолдана алады;

2.2.12 сыни ойлау әдісін меңгерген;

2.2.13 инклюзивті білім берудің құндылықтары мен *сенімдерін бөлісе алады*;

2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті.

Түлек келесі пәндік құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс:

2.3.1 музыкалық білім берудің мақсаты мен міндеттерін білу;

2.3.2 педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық-басқару міндеттерін шешуде қажетті көлемдегі музыкалық-педагогикалық зерттеудің әдістерін, музыкалық-педагогикалық ғылымның негіздерін білу;

2.3.3 музыкалық-теориялық мәселелерді, соның ішінде музыкалық мәнерлік құралдарды, тарихи мағлұматтарды (түрлі бағыттарды, дәуірлерді, мектептерді, тұжырымдық негіздерді), таза айту табиғатын, музыкалық шығармаларды талдауды білу;

2.3.4 отандық және шетелдік музыкалық мәдениетің даму тарихын, композиторлар шығармашылықтарын білу;

2.3.5 музыкалық білім берудің даму кезеңдерін білу;

2.3.6 музыкалық білім берудің әдістемесін меңгеру;

2.3.7 музыкалық өнердің ерекшелігін, музыканың танымдық және тәрбиелік ролін білу;

2.3.8 педагогикалық, оқу-тәрбиелік және ғылыми-әдістемелік міндеттерді шешуде музыкалық білім беру саласында алынған білімдерді педагогикалық іс-әрекетте пайдалана білу;

2.3.9 музыкалық аспаптарды меңгеру (фортепиано, баян, домбыра, қобыз);

2.3.10 вокалдық-хор дағдыларының негіздерін меңгеру (тыныс алу, дикция, таза айту, хор құрылымы, ансамбльдің түрлері және т.б.);

2.3.11 аспапта суырысалмалықты, сүйемелдеді білу, хор партитурасын нотаға қарап айтуды жүзеге асыру, әнді (әуен) сольфеджиолау және тактілеу, хор ұжымын басқару;

2.3.12 әндерге кешендік вокалдық-хор талдау жасау;

2.3.13 балаларға музыканың мазмұны мен сипатын түсіндіру; оған деген танымдық қызығушылығын ояту және қолдау;

2.3.14 вокалдық-хор және аспаптық шығармалардың түрлі репертуарларын орындай білу (шетел, орыс, отандық классикалық музыка; халық музыкасының үлгілері (өңделген халық әндері мен күйлері), замануи музыка);

2.3.15 дирижерлық және орындаушылық техниканы меңгеру;

2.3.16 алдыңғы қатарлы педагогика тәжірибені қорытындылау және насихаттау.

3.2 5B010600 – Музыкалық білім мамандығының оқу жоспары

Оқу мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B010600–Музыкалықбілім мамандығы бойынша бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
ЖББ ПМ 1	Жалпы білім беру пәндері модулі	24	1-3
МПК 1.1	Міндетті пәндер компоненті	24	1-3
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі - В 1	4	1

1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
ТПК 1.2		-	-
КПМ 2	Кәсіби пәндер модулі	60	1-8
МПК 2.1	Міндетті пәндер компоненті	60	1-8
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Психология	5	2
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Педагогикалық риторика	3	3
2.1.05	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.08	Шетел тілі В2	5	2
2.1.09	Практика - 1	6	4
2.1.10	Практика – 2	9	6
2.1.11	Практика - 3	15	8
ТПК 2.2		-	-
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі	144	1-8
МПК 3.1	Міндетті пәндер компоненті	81	1-8
3.1.01	Сольфеджио-1***	3	1
3.1.02	Сольфеджио - 2***	3	2
3.1.03	Музыка теориясы***	3	1
3.1.04	Гармония***	3	2
3.1.05	Полифония негіздері***	3	3
3.1.06	Әлемдік музыка*-.****	3	5
3.1.07	Қазақ музыкасының тарихы*-.****	3	6
3.1.08	Музыкалық аспап-1**	3	1
3.1.09	Музыкалық аспап-2**	3	2
3.1.10	Музыкалық аспап-3**	3	3

3.1.11	Музыкалық аспап-4**	3	4
3.1.12	Бағалаудың өлшемдік технологиялары*-.****	3	7
3.1.13	Хорға дирижерлік ету-1**	3	2
3.1.14	Хорға дирижерлік ету-2**	3	3
3.1.15	Хор класы-1****	3	3
3.1.16	Хор класы-2****	3	4
3.1.17	Хормен жұмыс практикумы****	3	7
3.1.18	Дауыс қою**	3	2
3.1.19	Мектеп әндер репертуарының практикумы**	3	6
3.1.20	Қосымша аспап**	3	4
3.1.21	Музыкалық білім берудің тарихы мен теориясы*-.****	3	4
3.1.22	Музыка оқытудың әдістемесі*-.****_***	6	5
3.1.23	Музыкалық білім берудің психологиясы*-.****	3	7
3.1.24	Педагог-музыкантың зерттеу технологиялары*-.****	3	7
3.1.25	Музыкалық шығармаларды талдау***	3	5
3.1.26	Кәсіби-бағытталған шетел тілі*-.****	3	6
	Дипломдық жұмыс	12	8
ТПК 3.2	Таңдау пәндер компоненті	63	5-8
	Барлық кредиттер ECTS	240	
	Оқытудың қосымша түрлері		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	4	2
<p>Ескерту: 1. Арнайы пәндер модулін жүзеге асыру (міндетті пәндер компоненті) барлық пәндердің түрлерімен қамтылады – дәріс*, жеке**, зертханалық*** және тәжірибелік****.</p> <p>2. Келесі пәндер концертмейстерлерді қажет етеді: хор класы - 1,2; хормен жұмыс практикумы, хорға дирижерлік ету - 1,2, музыкалық аспап - 1,2,3,4 (кобыз, домбра), дауыс қою - оқу сағаттарының санынан 50 % көлемінде.</p>			